

«Әрбір адам – Күн, оған жарқырауға мүмкіндік беріңіздер...»

Қай дәуірде де болмасын өз заманының даналары, ұлылары болатындығы хақ. Алып кемелермен айшылық алыс жерлерден хабар алғызатын телефондар, жұмыр жерді кішкентай ғана қобдишаға сыйдырған компьютер дейтін сиқырды да ойлап шығарған Адам болатын. Сан мыңдаған қашықтықтарды артқа тастап, аспан әлемін шарлаған да адам. Жаратушы адамды тіршілік иесі етіп жаратқанда, оның бойына жетерлік мүмкіндіктерді үйіп - төгіп бере салған.

Күн – ең жарық жұлдыз. Таңғы қызыларайдың жер бетіне себезгілей тарап, жер – ананың бауырын қыздыратыны белгілі. Жылу тараған жер жүзінде тіршілік қайнап кете барады. Жер жаһан жаңғырып сала береді. Әрбір адам күн, оның айналасына шуақ шашып, жарқырауына шүбә жоқ. Тек оның кілтін тауып, бір арнаға түсу, жолын таба білу – түйінін шешуді талап ететін іс. Миллиондаған адамдардың арасында ай жарықта адасып жүргендер қаншама? Ал адамзаттың ақыл – ойы ғылым мен білімнің көшімен қатар қадам басып келе жатқанда бұлай болуы мүмкін бе? Дана халқымыз «Бұлақ көрсең көзін аш» деген болатын. Бойдағы булығып жатқан бұла күшке ерік беріп, тума таланттың кілтін табатын біреу болса, ол – мәңгілік нұрдың қызметшісі Мұғалім.

Дарынды жастың жан сарайы – тылсым бір жатқан әлем. Әсершіл көңіл қалауындай жақсылық пен жаңалыққа жаны құмар жастық сезім пернелерін дөп басып, рухани қолдау көрсетсең, жарқ етіп лаулай түсері мәлім. Өз ісінің білгірі болған әрбір білікті ұстаз баланың рухани сұранысына шеберлігімен жауап берері сөзсіз. Жүйрік қиялды, ұшқыр ойды ұштаған ұстаздың ұтары көп. Таудай талабы мен қабілеті бар баламен жұмыс аса сақтық пен ептілікті, еңбекқорлықты қажет етеді. «Не ексең, соны орасың» демекші, санаға құйылған сұлу жырлар, айнытпай салынған қылқалам туындылары еңбек пен таланттың қосындысы. Ақиық ақын Мұқағали Мақатаев «Өнерің өлшенбей, өсе алмай қалсаң, сол қайғы» деген екен. Әр адамға тәңірі сыйға тартқан мүмкіндіктерінен мүлт кетсе – сол қайғы дер едім.

«Сізге ғылым кім берер,

Жанбай жатып сөнсеңіз.» деген Ұлы Абайдың сөзін жас буын жадында ұстағаны абзал. Заманмен бірге қадам жасап, жарқылдап өту – өз қолымызда. Тек оның кілтін таба білсек болғаны.